

«Жолаушылар тасымалы» АҚ
Директорлар кеңесінің
№ 8 мәселе жөніндегі
2023 жылғы «5» қазандағы
№ 15/23 хаттама
Шешімінің №5 қосымшасы

**«Жолаушылар тасымалы»
акционерлік қоғамының
еншілес ұйымдарына қатысты
ДИВИДЕНД САЯСАТЫ**

Астана қаласы, 2023 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарға қатысты дивиденд саясаты (бұдан әрі – Дивиденд саясаты) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының 2023 жылғы 16 мамырдағы (№02/13 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарына қатысты дивиденд саясаты мен «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы (№20 хаттама) шешімімен бекітілген» «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының борышын және қаржылық тұрақтылығын басқару саясаты бұдан әрі – борышты басқару саясаты) негізінде әзірленді.

2. Дивиденд саясаты «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының өзінің еншілес ұйымдарымен «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамына тиесілі акциялар пакетіне немесе қатысу үлесіне арналған дивидендтерді төлеу мәселелері жөнінде өзара қарым-қатынас жасау негіздерін белгілейді.

Өзара қарым-қатынас жасау негіздері «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының бюджет комиссиясының дивидендтер мөлшері, «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамының бекітілген даму жоспары (Бизнес-жоспары) негізінде еншілес ұйымдардың таза табысын бөлу және қайта инвестициялау жөніндегі ұсынымдары, сондай-ақ «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы еншілес ұйымдарының Директорлар кеңестерінен/еншілес ұйымдарының байқау кеңестерінен «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы еншілес ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындыларын шығару жөніндегі жұмыстар шеңберінде келіп түскен ұсыныстар ескеріле отырып әзірленеді.

3. Саясатта мынадай анықтамалар мен қыстартулар қолданылады:

Компания - «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы;

еншілес ұйымдар - дауыс беретін акцияларының (қатысу үлесінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде компанияға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалар;

Бюджет комиссиясы - компанияның бюджетті жоспарлау процесін компания мен оның еншілес ұйымдарының бюджеттері мен даму жоспарларының орындалуын қарау, келісу және мониторингтеу арқылы үйлестіретін тұрақты жұмыс істейтін органы;

Дивидендтер - аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есепке сәйкес еншілес ұйымның таза табысының (қорытынды пайдасының) бөлігі, ал еншілес ұйымда олардың еншілес ұйымында/ ұйымында аудиттелген жеке қаржылық есеп болмаған жағдайда, еншілес ұйымның өзіне тиесілі акциялары/жарғылық капиталына қатысу үлесі бойынша компанияға төленетін еншілес ұйымның таза табысының (қорытынды пайдасының) бөлігі;

еншілес ұйымның бос ақша ағыны (FCFF) - ағымдағы қызметті қолдауға арналған инвестициялық шығыстар шегерілгеннен кейін қауымдастырылған

және бірлескен кәсіпорындардың дивидендтерін қоса алғанда, негізгі қызметтен шоғырландырылған ақша ағыны;

қаржылық тұрақтылық коэффициенттері - қарызды басқару саясатына сәйкес айқындалатын K1, K2, K3 коэффициенттері;

қаржылық тұрақтылық коэффициентінің мақсатты мәні - қарызды басқару саясатына сәйкес еншілес ұйым үшін компания белгілейтін қаржылық тұрақтылық коэффициентінің мәні;

қаржылық тұрақтылық коэффициентінің шекті мәні - қарызды басқару саясатына сәйкес еншілес ұйым үшін компания белгілейтін қаржылық тұрақтылық коэффициентінің мәні;

4. Компанияның дивиденд төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, жарғылармен, осы дивиденд саясатымен және Компанияның өзге де ішкі құжаттарымен, сондай-ақ еншілес ұйымдардың Жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының)/жалғыз қатысушысының (қатысушылардың жалпы жиналысының) тиісті шешімдерімен регламенттеледі.

2. Саясаттың мақсаты мен негізгі принциптері

5. Саясаттың мақсаты – Компания мен еншілес ұйымдар мүддесінің тепе-теңдігін, дивидендтер мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау тәсілдерінің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету.

6. Саясаттың негізгі принциптері:

1) Компанияның акциялар пакетіне арналған дивидендтердің төленуін қамтамасыз ету;

2) Компания мен оның еншілес ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;

3) еншілес ұйымдардың дамуға арналған шығыстарын, оның ішінде өзінің инвестициялық қызметін қаржыландыру қажеттілігі.

7. Еншілес ұйымдар Компанияның пайдасына аударатын дивидендтерінің мөлшері Компанияның:

Компанияның «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына тиесілі акциялар пакетіне арналған дивидендтер төлемдерін,

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ тапсырмаларына қатысты төлемдер мен шығындарды, Компанияның ағымдағы қызметін,

Компанияның қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қызметтің жаңа түрлері мен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға деген ақшалай қажеттілігін жабуы керек.

3. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі

8. Еншілес ұйымдарға қатысты төленетін дивидендтердің мөлшері олардың жетілу деңгейі мен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері негізінде айқындалатын қаржы-экономикалық жай-күйіне қарай сараланып айқындалады.

9. Дивидендтердің мөлшерін есептеу мынадай негізде:

еншілес ұйымда аудиттелген жеке қаржылық есеп болмаған жағдайда, аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есеп деректері негізінде, еншілес ұйымдардың басқарушылық есебінің өзге де ақпараты (қаржылық есептілікте қажетті деректер болмаған жағдайда) негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

10. Еншілес ұйымның есепті кезеңдегі қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін есептеу және қарызды басқару саясатына сәйкес анықталған нысаналы және шекті мәндермен салыстырып талдау жұмыстарын Компанияның орталық аппаратының бюджетті жоспарлауға жауапты құрылымдық бөлімшесі жүргізіп, оны Компанияның бюджет комиссиясының қарауына ұсынады.

11. Еншілес ұйымдар тарапынан төленуге ұсынылатын дивидендтердің мөлшері былай анықталады:

1) еншілес ұйымның бос ақша ағынының 50%-нан 100%-на дейін – еншілес ұйым қаржылық тұрақтылық коэффициентінің нысаналы мәндерін сақтаған жағдайда;

2) еншілес ұйымның бос ақша ағынының 20%-нан 50%-на дейін – еншілес ұйым қаржылық тұрақтылық коэффициентінің шекті мәндерін сақтаған, бірақ қаржылық тұрақтылық коэффициентінің нысаналы мәндерін бұзған жағдайда;

3) еншілес ұйымның бос ақша ағынының 0%-ы – еншілес ұйым қаржылық тұрақтылық коэффициентінің шекті мәндерін бұзған жағдайда. Бұл жағдайда Компанияның Бюджет комиссиясының шешімі бойынша еншілес ұйымның бос ақша ағынының бір бөлігі еншілес ұйымның қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін нысаналы мәндерге келтіру мақсатында еншілес ұйымның міндеттемелерін өтеуге жұмсалуды тиіс;

4) қарызының болмауына байланысты қаржылық тұрақтылық коэффициенті есептелмейтін еншілес ұйымдағы бос ақша ағынының 0%-нан 100%-на дейін.

Бұл ретте Компания дивидендтер мөлшерін Компанияның Инвестициялық комитеті, Басқармасы мен Директорлар кеңесі Компания тобының даму жоспарын қарап, бекіту шеңберінде мақұлдаған еншілес ұйым инвестициялары мөлшеріне дейін азайтуға құқылы.

12. Компания, егер еншілес ұйым есепті жыл ішінде шоғырландырылған таза шығынға ұшыраған болса, еншілес ұйымның дивиденд төлемейтіні жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

13. Дивидендтер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілері мен еншілес ұйымдардың жарғыларында солай көзделген жағдайларда төленбейді және есептелмейді;

14. Бюджет комиссиясы, еншілес ұйымдардың Директорлар кеңесі/Байқау кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы саясатқа және еншілес ұйымдардың жарғыларына сәйкес еншілес ұйымдардың таза табысын бөлу тәртібі мен есепті жыл ішіндегі дивидендтер мөлшері жөнінде ұсынымдар/ұсыныстар береді.

15. Таза табысты бөлу тәртібі мен есепті жыл ішіндегі дивидендтердің мөлшері туралы соңғы шешімді еншілес ұйымның жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы)/жалғыз қатысушысы (қатысушылардың жалпы жиналысы) қабылдайды.

16. Еншілес ұйымның атқарушы органы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен еншілес ұйым жарғысына сәйкес еншілес ұйымның Компания дивидендтерін уақытылы төлеуіне жауапты болады.

4. Қорытынды ережелер

17. Осы дивиденд саясатында реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Компанияның өзге де ішкі құжаттарында реттеледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген және осы дивиденд саясатының кейбір ережелері оларға қайшы келген жағдайда, бұл ережелер өз күшін жояды.